

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.04-28.04.2023 ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе,				

әңгімелесу, кеңес беру	агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шанды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау.
	Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын". Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте	Ұлттық ойын. Теңге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа	Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Мұнара".	Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын". Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем

	сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. Қолдарымыз дос болсын, (алақандарды қосу) Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау) Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу) Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)	сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)	бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр	Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және кірпіш құрылыс материалдарынан мұнара және өзге қарапайым құрылыстарды жасауға дағдыландыру; жасалған жұмысынан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог балаларға құрылыс үлгісін көрсетеді. Балалар құрылысты құрастыруының алдында педагог көркем сөзді оқып, балаларды өзіне ілестіреді. Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".	сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. Қолдарымыз дос болсын, (алақандарды қосу) Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау) Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу) Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тиістіру) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)
--	---	---	---	--	---

			тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.	- Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау); 2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; 3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді. 4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады; 5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау); 6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау); Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады." (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар				

	Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Балалар, қане, күлейік, Ән-күйлермен бөлісейік. Шеңберге шығып жүріп, Әдемі биді билейік. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Дөп-дөңгелек шаңырақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге	Музыка "Әлди, әлди, бөпешім!" Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды	Дене шынықтыру "Допты лақтыру техникасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын дамыту; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп	Дене шынықтыру "Допты лақтыру техникасын пысықтау". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға тұрғызып, допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын бекіту;	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ауаның қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын

	жаттықтыру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту. Балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; допты екі қолмен лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.	ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу.	оқу қызметін пысықтау; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу.	көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары)	Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады. - Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз. - Менің соңынман қайталап көріңдер. Тұрсақ - тұрады,	Желді бақылау (жалаушаларды қолдану). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға қараңдаршы. - Бұтақтары тербеліп тұр ма? - Бұтақтарының тербелгені нені білдіреді? - Иә, жел соғып тұр. - Жарайсыңдар! "Көктем тойын бастады". Төнді балқып күн қызып, Жылу алды көктен	Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады. - Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көлеңкеміз. - Менің соңынман қайталап көріңдер. Тұрсақ - тұрады,	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу
--------	--	--	--	--	---

	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету;	Отырсақ - отырады, Қолмен бұлғасақ - бұлғайды, Соңымыздан қалмайды. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)	жер Қардың астын су бұзып, Есті жылы өкпек жел. М. Жаманбалинов - Балалар, ал қазір бір де жалаушаларды қолға ұстап, желдің болғанын бақылаймыз. - Қалай? Жалаушаларың желбіреп тұр ма? - Мінеки, жел соғып тұр. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	Отырсақ - отырады, Қолмен бұлғасақ - бұлғайды, Соңымыздан қалмайды. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.	тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып қимылдар жасауға, жан-жаққа шашылып, қайта шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру;
--	--	--	--	---	--

жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қараңдаршы. Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсыңдар! - Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". - Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді	Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп, жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап	тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру. "Жалауша". Педагог көркем сөзді оқи жүріп, балаларға жалаушалармен қимылдарды көрсетеді.	Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп, жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге	- Кел, балалар, тоқтамай, Жиналайық ортаға. Шеңбер болып, кеңейіп, Қолды қолға жалғайық. Жаттығулар жасаймыз, Бірге жүріп, ойнаймыз. - Ал, балалар, біраз барып ойнап келейік. - "Балалар, жиналайық!" деген кезде қайта шеңберді құра қаламыз. ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,
---	---	--	--	--

	тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында кұндызы. М. Жаманбапинов "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Жаттығуды ұйымдастырғанда балалардың бір- бірінен алшақ тұрғанын бақылау керек. - Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	ептілікке баулу.
--	---	--	---	---	-------------------------

Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірге-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында

	секіру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, алаңда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкі болып ойнайды,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Өуедегі шарлар". Мақсат-міндеттер. Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: қағаз бетіне қойылған нүктеден қарындашты алмай, шеңбер жасап, қайта	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Түлкі мен қоян" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй	"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабілдеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған	Құрастырудан ойын-жаттығу "Тараж". Мақсат-міндеттер. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен байқағыштығын, зейінін, ақыл-ойын дамыту. Балалардың құрылыс материалдарына деген

	балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді. - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен	бастапқы нүктеге қосуға дағдыландыру; "шар" бейнелерін "жіп" сызықтарымен толықтыруды көрсету; мерекелерді безендіру рәсіміне көңіл аударту.	жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықтар туралы түсінік беру.	бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары. Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары қарай бокалды, қасықты табақшаның оң (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын	қызығушылықтарын арттыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.
--	--	---	---	---	--

	орынды басып аламын. Бастайық. - Мен түлкімін, түлкімін, Құлықпен өтер күнім. Қаласам алдай саламын, Орынды басып аламын. Д. Ахметова Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды. - Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар. Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем. Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала. Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ. Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	
Балалармен жеке жұмыс	"Жаңбыр жауғанда" фонемо-	Музыкадан ойын-жаттығу	Достық туралы мақал-мәтелдермен	«Достық ережесі» дидактикалық	"Допты қуалап ұста!" қимылды

	ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)	"Бесік жыры". Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды.	таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету. 1. Досы көпті жау алмайды. 2. Ағаш тамырымен мықты, Адам достарымен мықты. 3. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	сөздік ойын. Шарты: педагог достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді. 1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!) 2. Достар тату ойнайды. (Иә!) 3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!) 4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!) 5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!) Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселерді алдын ала	ойыны. Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артына жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды.
--	---	--	---	--	--

				ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі. Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады. 6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!) 7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				

Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған

	материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері".